В качестве решения этой проблемы можно использовать несколько небольших космических аппаратов на геостационарной орбите для создания одного телескопа с синтетической апертурой без использования большой структуры на орбите. Синтетическая апертура - это метод, который позволяет увеличить разрешение изображений, создавая виртуальную большую апертуру с помощью субапертур, которые объединяются для достижения высокого качества снимков.[2]

Путем размещения нескольких телескопов в определенной к примеру, тетраэдральной, конфигурации можно получить снимки более высокого разрешения. Кроме того, для реализации синтетической апертуры каждого оптического блока требуется регулировка местоположения с высокой точностью относительно друг друга. Ранее реализованные группировки КА с синтезированной апертурой работали в радиоволновом диапазоне. Поэтому положение элементов группировки относительно друг друга не требовали высокой точности.[3] Однако поскольку длина волны видимого и инфракрасного света намного короче. Следовательно, при создании структуры для съемки в видимом и инфракрасном диапазоне необходимо контролировать группировку спутников с очень высокой точностью.[4]

Целью данной работы является построение математической модели орбитального движения группировки КА для выявления возможных отклонений, создаваемых различными возмущающими силами. Моделирование и визуализация были созданы в программном обеспечении MatLab.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. David A. Vallado, 'Fundamentals of Astrodynamics', 2nd Edition, Microcosm Press & Kluwer Academic Publishers, 2001.
2. Gurfil P. and Mishne D., "Cyclic Spacecraft Formations: Relative Motion Control Using Line-of-Sight Measurements Only", Journal of Guidance, Control, and Dynamics, Vol. 30, No. 1, 2007, pp. 214–2257
3. Kyle T. Alfriend Spacecraft Formation Flying, 2010
4. Tillerson, M. and How, J. P., "Formation Flying Control in Eccentric Orbits", Proceedings of the AIAA Guidance, Navigation, and Control Conference, Montreal, Canada, August 2001.

# АРНАЙЫ ИНЕРЦИАЛДЫ ЕМЕС КООРДИНАТА ЖҮЙЕСІНДЕ МАССАСЫ АЙНЫМАЛЫ ШЕКТЕЛГЕН ҮШ ДЕНЕ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУ

Мұратова. А.Д

*Ғылыми жетекші: Ф.-М.Ғ.Д., профессор Минглибаев М. Дж.*

*Әл-Фараби атындағы атындағы ҚазҰУ, Алматы*

*e-mail: muratova.aidana1998@gmail.com*

Кіші табиғи немесе жасанды аспан денесінің екі үлкен аспан денелерінің (бұдан әрі-негізгі денелер) тартылыс өрісіндегі қозғалысы шектелген үш дене мәселесінің математикалық моделімен жақсы сипатталған.

Жұмыстың өзектілігі- инерциалды емес координата жүйесінде массасы айнымалы шектелген үш дене мәселесінің жаңа нақты жеке аналитикалық және сандық шешімдерін іздеу болып табылады.

Массалары айнымалы екі дене мәселесінің толық шешімі болмағандықтан, Мещерскийдің I – заңын пайдалана отырып, сол жағдайдағы теңдеулердің барлығы сандық тәсілмен шешілді.

Күш инварианттары- бұл шектелген үш дене мәселесінің массалары айнымалы кезіндегі жаңа нәтижесі.

$$\left(x_2 - \frac{1}{1+k}x_{31}\right)^2 + \left(y_2 - \frac{1}{1+k}y_{31}\right)^2 + z_2^2 = \left(\frac{m_1(t)}{km_3(t)}\right)^{2/3} \left[ \left(x_2 + \frac{k}{1+k}x_{31}\right)^2 + \left(y_2 + \frac{k}{1+k}y_{31}\right)^2 + z_2^2 \right]. \quad (1)$$

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дубошин Г.Н. Небесная механика. Аналитические и качественные методы / Г.Н.Дубошин. — 2-е изд. — М.: Наука, 1978. — 456 с.
2. Минглибаев М.Дж. Новые точные частные решения ограниченной задачи трех тел / М.Дж.Минглибаев, Т.М.Жумабек // Актуальные проблемы математики и информатики: тезисы докл. Междунар. науч. конф., посвящ. 80-летию со дня рождения академика НАН РК К.А. Касымова. — Алматы, 2015. — С. 86–88.
3. Минглибаев М.Дж. Новые уравнения движения неограниченной и ограниченной задачи трех тел и их точные решения / М.Дж.Минглибаев, Т.М.Жумабек // Актуальные проблемы математики и математического моделирования: тезисы докл. Междунар. науч. конф. — Алматы, 2015. — С. 347–349.



## ШЕКТЕЛГЕН ҮШ ДЕНЕ МӘСЕЛЕСІНДЕ ТЕҢБҮЙІРЛІ ҮШБҰРЫШТЫ ҚОЗҒАЛЫСТЫ КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ

Төрехан С. Т.

**Ғылыми жетекші:** Ф.-м.ғ.д., профессор - Минглибаев М. Дж.  
Әл-Фараби атындағы атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан  
e-mail: torekhansandu@gmail.com

Екі үлкен аспан денелерінің ( $m_1$  және  $m_3$  - негізгі денелер) гравитация өрісіндегі кіші аспан денелерінің (массасы аз дене- $m_2$ ) қозғалыстары шектелген үш дене есебімен сипатталады. Бұл жұмыста үш дене қозғалыстың барлық уақыт мезетінде үшбұрышты құрайтын, төбесінде кіші дене орналасқан, екі негізгі денелердің массасы тең болатын теңбүйірлі үшбұрышты шектелген үш дене мәселесі қарастырылған. Денелер материалдық нүкте ретінде қарастырылады. Шектелген үш дене есебінің математикалық шарттары:

$$m_2 \ll m_1, \quad m_2 \ll m_3, \quad m_2 \gg 0. \quad (1)$$

Классикалық шектелген үш дене қозғалысының  $OXYZ$  абсолют координаталар жүйесіндегі дифференциалдық теңдеуін жазып, инерциалды  $Gxyz$  барицентрлік координаталар жүйесіне өтеміз. Барицентрлік координаталар жүйесінде кеңістіктегі шектелген үш дене есебінің қозғалысының теңдеуі:

$$\vec{F}_2 = f \left( m_1 \frac{\vec{r}_1 - \vec{r}_2}{\Delta_{21}^3} + m_3 \frac{\vec{r}_3 - \vec{r}_2}{\Delta_{23}^3} \right) \quad (2)$$

мұндағы,  $\vec{r}_i$ -барицентрлік координаталар жүйесіндегі дененің радиус-векторы,  $\vec{F}_2$  - негізгі денелердің жалпы ньютондық тартылыс күші. Егер  $\vec{F}_2$  қозғалыстың барлық уақытында координата басына бағытталған болса және келесі түрдегі өрнекті қанағаттандырса:

$$\vec{F}_2 = -F_2 \frac{\vec{r}_2}{r_2}, \quad F_2 = |\vec{F}_2|$$

онда ол  $Gxyz$  барицентрлік координата жүйесінде үшбұрышты шектелген үш дене есебінің центрі болады.

Аудандар интегралынан екі негізгі дене есептеріндегі орбита мен теңбүйірлі шектелген үш дене есептеріндегі орбита- әрқайсысы жазық қисық екені дәлелденді. Бұл екі орбита жалпы жағдайда сәйкес келмейді. Сонымен қатар, бұл үш дене жалпы жағдайда өлшемін, пішінін және кеңістіктегі бағдарын өзгертетін, қозғалыстың барлық мезетінде теңбүйірлі үшбұрышты құрайтын қозғалысты сипаттайды. Сәйкесінше шектелген үш дене мәселесінің теңбүйірлі үшбұрышты қозғалысына келесідей мүмкін болатын жағдайларына классификация жасалынды: Ситников жағдайы (екі дененің қозғалысы шеңберлік немесе эллиптикалық орбита болатын жағдай):  $m_1 = m_2 = \frac{m}{2}$  Екі дене қозғалысы параболалық орбита болатын жағдай, екі дене қозғалысы гиперболалық орбита болатын жағдай, екі дене қозғалысы түзу болатын жағдай, екі дене қозғалысы шексіздікке ұмтылатын жағдай,

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Себехей В. Теория орбит. Ограниченная задача трех тел.-М.: Наука, 1982. 656 б
2. М. Дж. Минглибаев, Т. М. Жумабек- К равнобедренной ограниченной задаче трех тел (2016 ж)
3. Dvorak R., Lhotka Ch. Celestial dynamics. Chaocity and Dynimics of Celestial Systems.

## ТОЛҚЫНДЫҚ МОДЕЛЬДЕУДІ ЖӘНЕ ЖЕРСЕРІКТІК ДЕРЕКТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛҚАШ КӨЛІНІҢ ТОЛҚЫНДЫҚ КЛИМАТЫН ЗЕРТТЕУ

Бейсембекова М.К.

Ғылыми жетекшісі: доктор PhD , доцент м.а. Маемерова Г.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Mika.kydyrxan@gmail.com

Бұл мақалада Балқаш көлі аймағы бойынша жиналған барлық альтиметриялы ақпараттардың жергілікті гидрологиялық деректермен салыстырып, спутникті альтиметриялы деректердің дұрыстығын тексеру ұсынылған. Жұмыстың негізгі мақсаты алдағы зерттеу жұмыстары үшін сенімді, дұрыс альтиметриялы ақпарат көзін анықтау. Жиналған деректерден келесі ақпараттар шегерілді: Егер спутниктен келген кері шашырау көрсеткіші-  $bck > 13.5$  және толқын биіктігінің орташа көрсеткішінің (SWH) нормаланған стандартты ауытқуындағы қателер  $SWH > 0,5$  м жоға болса, онда бұл деректер шынайы ақпарат болып саналмайды деп қабылданған [1].

Осы мақалада келтірілген спутникті альтиметриялы ақпараттар радиолокациялы альтиметриялы деректер қоры-RADS (Radar Altimeter Database System) жүйесінен алынды (<http://rads.tudelft.nl/rads/data/authentication.cgi>). Альтиметриялы деректер қорында әртүрлі уақыт аралығы мен фазаларды қамтитын 12 спутник бар. Барлық спутниктен жалпы саны-140331 дерек алынып, кері шашырау көрсеткіші-  $bck > 13.5$  және толқын биіктігінің орташа көрсеткішінің (SWH) нормаланған стандартты ауытқуындағы қателер  $SWH > 0,5$  м жоғары болған ақпараттар алынып тасталған кезде жалпы саны-33173 ақпарат іріктеліп алынды. RADS деректер қорындағы спутниктер Балқаш көліне тиісті 1990-2021 жж аралығындағы ақпараттарды қамтыды.

Зерттеу аймағы Балқаш көлі болғандықтан, солтүстік ендік бойынша  $44-49^\circ$ , ал шығыс белдеуі  $73-80^\circ$  координаталық аралығын қамтыды. Бұл жұмыста талдау жиілігі Ku-диапазонды құрайтын спутниктердің ақпараттары таңдалды. Saral спутнигінің талдау жиілігі Ka-диапазон болғандықтан, зерттеу жүйесінен бұл спутник шегерілді, ал ERS-1 спутнигінің E, F фазалары және Sentinel-3A спутнигі көрсетілген координата бойынша ешқандай ақпарат бермеді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Validation of the multi-mission altimeter wave height data for the Baltic Sea region. Nadezhda A. Kudryavtseva and Tarmo Soomere
2. Spatial variations in the Caspian Sea wave climate in 2002–2013 from satellite altimetry. Nadezhda Kudryavtseva, Kuanysh Kussembayeva, Zaure B. Rakisheva, Tarmo Soomere
3. Wave climate in the sea of Marmara. Tarkan Erdik, Serdar Beji

## ТЕҢБҮЙІРЛІ ШЕКТЕЛГЕН ҮШ ДЕНЕ МӘСЕЛЕСІНІҢ ШЕШІМДЕРІН ТАЛДАУ

Әбдірасіл Н. М.

Ғылыми жетекші: Ф.-м.ғ.д., профессор- Минглибаев М.Дж.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

e-mail: naz-18-98@mail.ru

Екі үлкен аспан денесінің (одан әрі негізгі денелер) гравитациялық өрісіндегі кішігірім табиғи немесе жасанды аспан денесінің қозғалысы белгілі шектеулі үш дене мәселесінің математикалық моделімен жақсы сипатталған. Бұл мәселенің қорытынды түрінде жалпы аналитикалық шешімі болмағандықтан, бұл мәселенің көптеген аспектілері әртүрлі сапалы және сандық әдістермен зерттелуде. Жаңа нақты аналитикалық шешімдерді іздеу өзекті мәселе болып табылады. Бұл жұмыс жаңа концепцияға негізделген классикалық шектелген үш дене мәселесін талдайды [2]. Классикалық үш дене мәселесінде табылған күштер орталығы концепциясына негізделген және бұл тұжырымдама шектелген үш дене мәселесінде де сақталған. Күн және Юпитер ғаламшарын негізгі денелер ретінде қарастырып, олардың гравитациялық өрісіндегі астероидтар шоғырының қозғалысын классикалық жазық шеңберлі шектелген үш дене мәселесі ретінде зерттелінеді. Қозғалыстың өлшемсіз дифференциалдық теңдеулері барицентрлік координаталар жүйесінде жазылады. Бұл өлшемсіз теңдеулердің нақты шешімдері үшбұрышты Лагранж шешімдерін жалпылайтын арнайы формада ізделеді. Негізгі денелердің массаларының ерікті мәндері үшін айнымалы биіктіктегі теңбүйірлі үшбұрыш түріндегі классикалық жазық шеңберлі шектелген үш дене мәселесінің жаңа нақты аналитикалық шешімдері табылды. Теңбүйірлі үшбұрыштың өлшемсіз биіктігін анықтау үшін дифференциалдық теңдеулердің интегралдық жүйесі алынған. Бұл теңбүйірлі үшбұрыштың табаны негізгі денелер арасындағы қашықтық болып табылады. Мұндай теңбүйірлі үшбұрыштың жоғарғы жағында массасы аз дене орналасқан [1].

Якоби интегралы негізінде мүмкін болатын қозғалыстардың аймақтары талданады және табылған шешімдердің бастапқы шарттары анықталады. Табылған жаңа нақты шешімдердің арнайы аналитикалық өрнектері және олардың графикалық иллюстрациялары берілген[3].

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Себехей В. Теория орбит. Ограниченная задача трех тел.- М.: Наука, 1982. 656с.
2. Минглибаев М.Дж., Жумабек Т.М. Новые уравнение движение ограниченной задачи трех тел в специальной неинерциальной системе координат// Вестник КазНПУ им Абая Сер.физ-мат.науки.-2015.-№1(49). – С.62-68.
3. Байсбаева О.Б. Поступательно-вращательное движение нестационарного трехосного тела в нестационарном центральном поле тяготения.// XII Всероссийский съезд по фундаментальным проблемам теоретической и прикладной механики: сборник трудов в 4 томах. Т.1. Общая и прикладная механика - Уфа РИЦ БашУ 2019 708-710 стр.
4. Zhumabek T. M. New exact particular analytical solutions of the triangular restricted three-body problem.// Bulletin of the Karaganda university, mathematics series. 2020 № 1(97). pp. 111-121 DOI 10.31489/2020M1/111-121

## ЕКІ БЕЙСТАЦИОНАР ДЕНЕНІҢ ІЛГЕРІЛМЕЛІ-АЙНАЛМАЛЫ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Мырзабаева А.Ә.

Ғылыми жетекші: Ф.-м.ғ.д., профессор- Минглибаев М.Дж.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

e-mail: myrzabaevaaruzhan2@gmail.com

Екі дененің классикалық теориялары аспан денелерінің қозғалысын зерттеу кезіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жұмыс екі дененің классикалық теорияларына сүйене отырып қарастырылды. Бұл жұмыста тұрақты динамикалық пішіні және массасы өзгермелі үш осьті бейстационар дененің Ньютондық центрлік гравитациялық өрісіндегі ілгерілмелі-айналмалы қозғалысы зерттелді. Координаттар басы сфералық дене центрінде жататын салыстырмалы координата жүйесіндегі үш осьті бейстационар дененің ілгерілмелі-айналмалы қозғалысы қарастырылған. Бірінші дене сфералық-симметриялы массасы бар шар болып табылады, оның таралу массасы және радиусы мен негізгі центрлік инерция моменттері уақытқа тәуелді функциялар болып табылады. Екінші дене - динамикалық құрылымы өзара перпендикуляр және массалар центрі арқылы өтетін үш жазықтыққа симметриялы, өзгермелі массалы дене. Екінші дене массасы және өлшемдері өзгеруіне байланысты туындайтын реактивті күштер нөлге тең емес, оның модулі мен бағыты өзгермелі. Екінші денеге реактивті күштер мен массалар геометриясының өзгеруінен туындайтын қосымша айналмалы моменттер әсер етеді. Бейстационар үш осьті дене эволюция барысында өзара перпендикуляр үш жазықтыққа байланысты әрқашанда симметриялы болады. Осы өзара перпендикуляр үш жазықтық қиылысу түзулері оның бас инерция осьтерін анықтайды. Өзіндік координаттар жүйесінің осьтері дененің бас инерция осьтері бойымен бағытталған және эволюция барысында бағдары өзгеріссіз қалады деп қабылдаймыз. Үш осьті бейстационар дененің массасы мен өлшемі өзгеру салдарынан туындайтын реактивті күштер мен моменттер денеге әсер етеді, және олар нөлге тең емес. Салыстырмалы координата жүйесінде үш осьті бейстационар дененің ілгерілмелі-айналмалы қозғалысының дифференциалдық теңдеулері алынды.

$$\begin{aligned}\frac{d}{dt}(A(t)p) - (B(t) - C(t))qr &= M_x + M_x^{add} \\ \frac{d}{dt}(B(t)q) - (C(t) - A(t))rp &= M_y + M_y^{add} \quad (1) \\ \frac{d}{dt}(A(t)p) - (B(t) - C(t))qr &= M_z + M_z^{add}\end{aligned}$$

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Баркин Ю. В., Демин В. Г. Поступательно-вращательное движение небесных тел // Итоги науки и техники. ВИНТИ, Москва 1982 115–134 с.
2. Bekov A.A., Omarov T.B. The theory of orbits in non-stationary stellar systems. *Astronomical and Astrophysical Transactions* 22(2) 2003 145– 153
3. Минглибаев М.Дж. Динамика гравитирующих тел с переменными массами и размерами. Поступательно и поступательно-вращательное движение, Lambert Academic Publishing, Saarbrucken (2012)

**Xu P.**

**Supervisor: Rakisheva Z.B., acting professors**

al-Farabi Kazakh National University

dapenggexu@gmail.com

Microminiature spacecraft are widely used within the space sector because of their low cost, simplicity of development, and modularity. Microminiature spacecraft have limited computational resources for on-board computers, low payload mass, and insufficient thruster capability, resulting in lower overall performance. Therefore, it is worthy of research to plan suitable orbital methods for microminiature spacecraft.

Most of the existing methods consider orbital maps or deterministic sampling methods, such as Probabilistic Road Map [1], which give rise to problems such as poor real-time performance and insufficient flexibility of the algorithm, and these algorithms still basically cannot guarantee the asymptotic optimality of spacecraft orbital planning in orbit. Therefore, it is necessary to provide a planning algorithm that is easy to adjust the parameters, has better performance, and ensures the asymptotic optimality of the orbit. There are several classifications of orbital planning methods: firstly, direct, and indirect methods; secondly, integral, and differential methods; thirdly, by the number of objectives [2]. Here, we mainly discuss the direct and indirect methods.

There are two main steps when using the direct method for orbital planning: transforming an optimal control problem into a nonlinear programming (NLP) problem; and solving that NLP problem by discrete transformation and optimization.

The direct target method is a method to achieve planning by solving differential equations directly. However, it has the disadvantages of being sensitive to the initial value and large amount of operations and is suitable for simple optimal control problems with low accuracy requirements. The direct targeting method can only solve the initial value problem [3].

The configuration method is a method for transforming an optimal control problem into an NLP by discrete control and state variables simultaneously in the time domain.

The differential inclusion method is a modification of the configuration method. Compared with the configuration method, the differential inclusion method has fewer variables in the NLP model and its solution is faster, which is more conducive to the implementation of online orbital planning for spacecraft. Therefore, the differential inclusion method is a more effective method for discrete optimal control problems at present.

The indirect method is to transform the optimal control problem into a Hamiltonian margin problem by using the Pontryagin's extreme value principle. The general steps can be divided into two steps: the first step is to find the specific expressions of the optimal control variables, which are functions of the accompanying variables and state variables; the second step is to find the set of equations consisting of the Hamiltonian equations, terminal conditions, and constraints (actually a two-point edge value problem) to obtain the numerical solution of the orbit [3].

In conclusion, the direct method has great advantages for solving trajectory optimization problems under complex constraints. The direct targeting method is suitable for initial value problems with low accuracy requirements, the configuration method has a wide range of application, and the differential inclusion method has a good prospect in online trajectory optimization.

## REFERENCES

1. Joseph. Advances in Control System Technology for Aerospace Applications[M], 2016.
2. Huang GQ, Lu YP, Nan Y. A review of numerical algorithms for flight vehicle trajectory optimization[J] // China Science: Technology Science,2012,42(09):1016-1036.
3. Betts J T. Survey of numerical methods for trajectory optimization[J] // Guild Control

**ФУНКЦИЯЛАР ТЕОРИЯСЫ, АЛГЕБРА ЖӘНЕ  
ЛОГИКА**

**ТЕОРИЯ ФУНКЦИЙ, АЛГЕБРА И ЛОГИКА**

**THEORY OF FUNCTIONS, ALGEBRA AND LOGIC**

## СТРУКТУРА ПОЗИТИВНЫХ ЛИНЕЙНЫХ ПОРЯДКОВ ТИПА $\Omega$

Аскарбеккызы А.

Научный руководитель: Калмурзаев Б.С., и.о. доцента, PhD

Казахский Национальный Университет им. Аль-Фараби

ms.askarbekkyzy@gmail.com

В докладе будет рассматриваться структура позитивных (вычислимо перечислимых) линейных порядков изоморфных ординалу относительно вычислимой сводимости. Следуя [1], бинарное отношение  $R$  вычислимо сводится к бинарному отношению  $S$ , если существует вычислимая функция  $f$  такое, что  $x, y \in R \leftrightarrow f(x), f(y) \in S$  для любых  $x, y$ . Линейные предпорядки относительно данной сводимости рассматривались в работах [1,2]. Следуя [1], предпорядок  $R$  называется самополным, если любая вычислимая функция осуществляющий сводимость  $R$  к  $R$  является сюръективной на классах  $R$ .

Было показано, что в существуют самополные степени. Стандартный порядок является наименьшим в структуре . В данной структуре не существуют наибольшего степени и максимальных степеней, более того для любого порядка  $R \in$  можно построить самополный порядок  $S \in$  такое, что  $R < S$ . Также доказано, что множество самополных степеней является определимым объектом в структуре .

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Badaev S.A., Bazhenov N.A. Kalmurzayev B.S. The structure of computably enumerable preorder relations. Algebra and logic, Vol. 59, No. 3, P.201-215.
2. Bazhenov N.A., Kalmurzayev B.S. On dark computably enumerable equivalence relations. Siberian Mathematical Journal, Vol. 59, No.1, P.22-30.

## LP КЕҢІСТІГІНДЕ АНЫҚТАЛҒАН МУЛЬТИПЛИКАТОРЛЫҚ ОПЕРАТОРДЫҢ СПЕКТРІН СИПАТТАУ

Бармағамбетов С.М.

Ғылыми жетекшісі: PhD, доцент м.а., Туленов К.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
saginish.2000@mail.ru

$T \in B(X)$  операторның нүктелік спектрі деп:

$$p(T) = \{\lambda \in \mathbb{C} : K\ker(T - \lambda 1) \neq 0\}$$

жиынын айтамыз.  $T$  операторның үзіліссіз спектрі:

$$\sigma_{\infty} = \{\lambda \in \mathbb{C} \setminus p(T) : \text{Im}(T - \lambda 1) = X, \text{Im}(T - \lambda 1) \neq X\},$$

ал қалдық спектрі:

$$r(T) = \{\lambda \in \mathbb{C} \setminus p(T) : \text{Im}(T - \lambda 1) \neq X\}. [1]$$

**Анықтама 1.**  $(X; \mu)$  өлшем анықталған кеңістік және  $E = L_p(X; \mu)$  (мұндағы  $1 \leq p \leq \infty$ ) болсын. Әрбір өлшемді айтарлықтай шектелген  $f: X \rightarrow \mathbb{C}$  функциясы үшін  $M_f \in B(E)$  операторы  $(M_f g)(x) = f(x)g(x)$  теңдігі арқылы анықталады. [2]

**Теорема 1.**  $E = L_p X$ ; (мұндағы  $1 \leq p < \infty$ ), және  $M_f \in B(E)$  айтарлықтай шектелген өлшемді  $f: X \rightarrow \mathbb{C}$  (Анықтама 1) функциясына көбейту операторы (мультипликаторлық) болсын. Онда  $p(M_f) = \{\lambda \in \mathbb{C} : \mu(f^{-1}(\lambda)) > 0\}$ ,  $\sigma(M_f) = \sigma(M_f) \setminus p(M_f)$  және  $r(M_f) = \emptyset$ .

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Пирковский А.Ю. Спектральная теория и функциональные исчисления для линейных операторов, МЦНМО, 2010.[1]
2. Хелемский А.Я., Лекции и упражнения по функциональному анализу, МЦНМО, Москва, 2004.[2]



## ҮШ ӨЛШЕМДІ КЕҢІСТІКТЕГІ ГОЛОМОРФТЫҚ ВЕКТОРДЫҢ КЕЙБІР ЖАЛПЫЛАУЛАРЫ

Бердымбай Қ.

Ғылыми-жетекші: ф.-м. ғ. д., профессор Тоқыбетов Ж.Ә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

berdimbaayk@gmail.com

Қазіргі кезде кешен айнымалылар функциясы теориясының аппараты әртүрлі жеткілікті кең ұйғарымдарды екі тәуелсіз айнымалының бірінші ретті дербес туындылы теңдеулер жүйесіне жалпылаулары жеткілікті көп. Мұндай кеңейтудің біреуі жалпыланған аналитикалық функция деп аталады. Сонымен бірге, Коши-Риман жүйесі үш және төрт тәуелсіз айнымалылар жағдайына да жалпыланған. Оның үш өлшемді аналогы Мойсил-Теодереско теңдеулер жүйесі деп аталады да, ал оның шешімі голоморфтық вектор деп аталады. Сондықтан да жалпыланған аналитикалық функциялар функциялардың үш өлшемді аналогын, яғни кіші мүшелері бар Мойсил-Теодереско жүйесін қарастыру өзектіде, маңызды[1].

Зерттеу мақсаты: Мойсил-Теодереско жүйелері үшін шекаралық есептер құрастырып оны шешу. Зерттеу объектісі және зерттеу пәні: зерттеу объектісі Мойсил-Теодереско теңдеулер жүйесі. Голоморфтық векторлардың жалпылаулары.

Зерттеу әдістері және теориялық және практикалық мәні: алдымен жалпыланған аналитикалық функциялар теориясының мәселелері қарастырылып, сонан соң үш өлшемді оның жалпылауы үшін есептер келтіріледі.[2]

Зерттеудің теориялық және практикалық мәні: Зерттеудің орнықтылық теориясында қолданыс табады.

Мойсил-Теодереско теңдеулер жүйесі осы түрде болады:

$$\begin{aligned}Aw_z + au_x + bu_y + bv_x + \mathbb{I}v_y + f_1 &= 0 \\s_x - v_z + w_y + f_2 &= 0 \\s_y + u_z - w_x + f_3 &= 0 \\s_z - u_y + v_x + f_4 &= 0\end{aligned}\tag{1}$$

Мұндағы

$$\begin{aligned}f_1 &= a_{11}s + a_{12}u + a_{13}v + a_{14}w \\f_2 &= a_{21}s + a_{22}u + a_{23}v + a_{24}w \\f_3 &= a_{31}s + a_{32}u + a_{33}v + a_{34}w \\f_4 &= a_{41}s + a_{42}u + a_{43}v + a_{44}w\end{aligned}$$

кіші мүшелер[3].

Мойсил-теодереско теңдеулер жүйесі жалпы зерттелмеген. Мен жұмысымда тек дербес жағдайларын келтіріп кетемін.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бицадзе А.В. Краевые задачи для эллиптических уравнений второго порядка. М.: 1966, - 204 с.
2. Е.И. Оболашвили, Пространственные обобщенные голоморфные векторы, Дифференц.уравнения, 1975, том 11, номер 1, 108-115
3. Академия наук СССР Сибирское отделение институт математики, Исследования по многомерным эллиптическим системам уравнений в частных производных, Новосибирск 1986г, 35-70 стр.

## **$L_p$ КЕҢІСТІГІНДЕ АНЫҚТАЛҒАН ХАРДИ-ЧЕЗАРО ОПЕРАТОРЫНЫҢ СПЕКТРЫ**

**Заур Г.Т.**

**ғылыми жетекшісі: PhD, доцент м.а. Туленов К.С.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

z.gulnur.t@gmail.com

$L_p(0; 1)$  ( $1 < p < \infty$ ) және  $L_\infty(0; 1)$  кеңістігінде анықталған Харди-Чезаро операторы:

$$(Cf)(t) = \frac{1}{t} \int_0^t f(s) ds.$$

Бұл оператор аталған кеңістіктерде шенелген екендігі Харди теңсіздігінен шығады [1]. Олай болса, Харди-Чезаро операторының  $L_p(0; 1)$  ( $1 < p < \infty$ ) және  $L_\infty(0; 1)$  кеңістіктерінде спектрі бар және ол компакт.

Кез келген  $f(t) \in L_p(0; 1)$  үшін ( $1 < p < \infty$ )  $(Cf)(t) = \frac{1}{t} \int_0^t f(s) ds$  операторының спектрі  $\sigma = \left\{ \lambda \in \mathbb{C}: \operatorname{Re} \left( \frac{1}{\lambda} \right) \geq \frac{p-1}{p} \right\}$  (басқаша айтқанда,  $\sigma = \left\{ \lambda \in \mathbb{C}: \left| \lambda - \frac{q}{2} \right| \leq \frac{q}{2} \right\}$ ) болады. Ал нүктелік спектрі  $\sigma_{pt} = \left\{ \lambda \in \mathbb{C}: \operatorname{Re} \left( \frac{1}{\lambda} \right) > \frac{p-1}{p} \right\}$  немесе  $\sigma_{pt} = \left\{ \lambda \in \mathbb{C}: \left| \lambda - \frac{q}{2} \right| < \frac{q}{2} \right\}$ . Мұндағы  $\frac{1}{p} + \frac{1}{q} = 1$ .

Кез келген  $f(t) \in L_\infty(0; 1)$  үшін  $(Cf)(t) = \frac{1}{t} \int_0^t f(s) ds$  операторының спектрі  $\sigma = \left\{ \lambda \in \mathbb{C}: \operatorname{Re} \left( \frac{1}{\lambda} \right) \geq 1 \right\}$  немесе  $\sigma = \left\{ \lambda \in \mathbb{C}: \left| \lambda - \frac{1}{2} \right| \leq \frac{1}{2} \right\}$  болады. Ал нүктелік спектрі  $\sigma_{pt} = \sigma \setminus \{0\}$  яғни  $\sigma_{pt} = \left\{ \lambda \in \mathbb{C}: \left| \lambda - \frac{1}{2} \right| \leq \frac{1}{2} \right\} \setminus \{0\}$  [2].

Ал  $\lambda \in \mathbb{C} \setminus \sigma$  кезінде резольвента болатынын көрсету үшін  $\operatorname{Re} \left( \frac{1}{\lambda} \right) < \frac{p-1}{p}$  (егер  $p = \infty$  болса  $\operatorname{Re} \left( \frac{1}{\lambda} \right) < 1$ ) кезінде  $L_p(0; 1)$  ( $1 < p < \infty$ ) және  $L_\infty(0; 1)$  кеңістіктерінде шенелген  $(P_{1/\lambda} f)(t) = \int_0^1 s^{-(1/\lambda)} f(st) ds$  операторын анықтаймыз. Және  $\operatorname{Re} \left( \frac{1}{\lambda} \right) < \frac{p-1}{p}$  (егер  $p = \infty$  болса  $\operatorname{Re} \left( \frac{1}{\lambda} \right) < 1$ ) кезінде  $\frac{1}{\lambda} I + \left( \frac{1}{\lambda} \right)^2 P_{1/\lambda}$  операторы  $\lambda I - C$  операторына кері оператор [3].

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. G. H. HARDY, J. E. LITTLEWOOD, G. PÓLYA, Inequalities, Cambridge University Press (1934), 240 p.
2. G.M. LEIBOWITZ, Spectra of finite range Cesaro operators. Acta Sci. Math. (Szeged) (1973), 27-29p.
3. D. BOYD, The spectrum of the Cesáro operator, Acta Sci. Math., (1968), 31—34p.

## ЕКІ ЭЛЕМЕНТТІ ЖИЫНДАР ҮЙІРІНІҢ РОДЖЕРС ЖАРТЫТОРЛАРЫ

Искаков А.М.

Ғылыми жетекшісі: PhD Калмурзаев Б.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

e-mail: bheadr73@gmail.com

Жартылай реттелген жоғарғы жартытор құрайтын  $R_n^i(S) = \{\deg \deg(v) : v \in Com_n^i, \leq\}$ ,  $i \in \{-1; 0; 1\}$  жиын  $S$  жиындар үйірінің Роджерс жартыторы деп аталады.

Роджерс жартыторлары берілген  $S$  жиындар үйіріндегі есептеулердің күрделілігін сипаттауға, сонымен қатар  $\Sigma_n^i$ -есептелімді ( $i \in \{-1; 0; 1\}$ ) нөмірлеулердің қасиеттерін ажыратып жүйелеуге мүмкіндік береді.

Тарихи рекурсив саналымды жиындар үйірінің Роджерс жартыторлары туралы алғаш-қы проблемаларды Ю. Л. Ершов [1] негіздеген болатын: Роджерс жартыторының мүмкін болатын қуаты қандай? Роджерс жартыторы тор бола ала ма? Бұл жұмыста бірінші сұрақ Ершов иерархиясы үшін қарастырылады.  $|a|_0 = \alpha < \omega^2$  ординалдары үшін келесі бағалау ақиқат болады [2].

**Теорема.**  $\beta \leq \alpha < \omega^2$  ординалдары берілсін. Кез келген  $\alpha \leq \gamma < (\alpha + \beta, \beta + \alpha)$  ординалы үшін  $R_\gamma^{-1}(S)$  Роджерс жартыторы бір элементті болатын екі жиыннан құралған  $S = \{A, B\}$  ( $A \in \Sigma_\alpha^{-1}, B \in \Sigma_\beta^{-1}$ ) үйірі табылады.

**Сұрақ.** Жоғарыда келтірілген теорема нәтижесін  $|a|_0 > \omega^2$  болатын,  $a$  ординалдар белгілеулері үшін жалпылауға болады ма?

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ершов Ю.Л. Теория нумераций. – М.: Наука. – 1977. – 416 с.
2. Калмурзаев Б.С. Инварианты полурешеток Роджерса семейств множеств иерархии Ершова. – дис. ... доктора философии (PhD). – КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, 2018. – 76 с.

## ON SOME PROPERTIES OF TOPOLOGICAL QUASIVARIETIES GENERATED BY SPECIFIC FINITE MODULAR LATTICES

Lutsak S.M., Voronina O.A.

M. Kozybayev North Kazakhstan University  
sveta\_lutsak@mail.ru, oavy@mail.ru

The present work considers a finite modular lattices and topological quasivarieties generated by these lattices, investigates their properties.

Quasivariety is a class of algebras of the same type that is closed with respect to subalgebras, direct products (including the direct product of an empty family), and ultraproducts. The smallest quasivariety containing a class  $\mathbf{K}$  is denoted by  $\mathbf{Q}(\mathbf{K})$ . If  $\mathbf{K}$  is a finite family of finite algebras then  $\mathbf{Q}(\mathbf{K})$  is called finitely generated. In the case  $\mathbf{K}=\{A\}$  we write  $\mathbf{Q}(A)$  instead of  $\mathbf{Q}(\{A\})$ .

A finite algebra  $A$  with discrete topology  $\tau$  generates a topological quasivariety  $\mathbf{Q}\tau(A)$  consisting of all topologically closed subalgebras of non-zero direct powers of  $A$  endowed with the product topology. Profinite algebras are exactly those that are isomorphic to inverse limits of finite algebras. Such algebras are naturally equipped with Boolean topologies. A topology  $\tau$  is Boolean if it is compact, Hausdorff, and totally disconnected. A topological quasivariety  $\mathbf{Q}\tau(A)$  is standard if every Boolean topological algebra with the algebraic reduct in  $\mathbf{Q}(A)$  is profinite. In this case we say that algebra  $A$  generates a standard topological quasivariety [1].

We construct the specific finite modular lattice  $T$  that does not satisfy to one of the Tumanov's conditions [2] but quasivariety  $\mathbf{Q}(T)$  generated by this lattice is not finitely based. We investigate the topological quasivariety generated by the lattice  $T$  and prove that it is not standard. And we would like to note that there is an infinite number of lattices similar to the lattice  $T$ .

The main result of this work is as follows.

**Theorem.** The topological quasivariety generated by the lattice  $T$  is not standard.

This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP09058390).

### REFERENCES

1. Clark D.M., Davey B.A., Freese R.S., Jackson M. Standard topological algebras: syntactic and principal congruences and profiniteness // Algebra Univ. – Vol. 52. – 2004. – P. 343-376.
2. Tumanov V.I. On finite lattices having no independent bases of quasi-identities // Math. Notes. – Vol. 36. – 1984. – P. 625-634.

## ЕВКЛИДТІК КЕҢІСТІКТЕГІ ГИПЕРҮЛЕСТІРІМНІҢ КОЛЛИНЕАРЛЫҚ ШАРТЫНДАҒЫ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ОБЪЕКТІНІҢ ҚАСИЕТІ

Мүтиголлаева Д.Б.

Ғылыми жетекші: ф.-м.ғ.к. Нүрпейіс Ж.

әл- Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
danagul24.04.2000@gmail.com

Баяндамада  $E_n$  Евклид кеңістігіндегі  $(n-1)$  үлестірімнің геометриялық қасиеттері қарастырылады. Егер  $n$  - өлшемді  $E_n$  Евклид кеңістігі жылжымалы  $R^x = (x, \vec{e}_1, \vec{e}_2, \dots, \vec{e}_n)$  реперіне қатысты болса, онда инфинитезимальды орын ауыстыруның дифференциалдық теңдеулерін аламыз. Репердің  $\vec{e}_1, \vec{e}_2, \dots, \vec{e}_{n-1}$  векторларын  $\Delta_{n-1}(x)$  аймағында қарастырып, үлестірімнің дифференциалдық теңдеуін аламыз. Осылайша  $\eta^K h^i \Lambda_{iK}^n = 0$  болады. Осы шартты  $\vec{e}_1, \vec{e}_2, \dots, \vec{e}_{n-1}$  базистік векторлары қанағаттандырады, онда  $h^i = \delta^{ij}$  және  $\eta^K \Lambda_{iK}^n = 0$  [1].

Баяндамада  $\vec{Y} = t\vec{X}$  теңдігі орындалуы үшін,  $\Lambda_{in}^n$  геометриялық объектісі нөлдік болуын көрсетемін.  $\vec{Y} = t\vec{X}$  болса, онда  $\eta^i = 0$ ,  $\eta^n \neq 0$  орындалады. (8) теңдеуден  $\Lambda_{in}^n = 0$  шығады. Кері жағдайда,  $\Lambda_{in}^n = 0$  деп қарастырсақ,  $\det \|\Lambda_{ij}^n\| \neq 0$  болғандықтан  $\eta^i \Lambda_{ij}^n = 0$  жалғыз нөлдік  $\eta^i = 0$  шешімі болады, яғни  $\vec{Y} = t\vec{X}$  [2].

$\Delta(\vec{u})$  үлестірімнің интегралдық қисығы  $\Delta(\vec{X})$ -ке қатысты  $\sum_k (-1)^{k-1} (\Lambda_{jk}^n - \rho \gamma_{jk}) \det \|\Lambda_{iL_K}^n\| = 0$  ( $L_K \neq K$ ) шарты орындалса ғана иілім болатыны көрсетіледі. Мұндағы  $\rho$  шамасы  $\det \|\Lambda_{ik}^n - \rho \gamma_{ik}\| = 0$  теңдеуінің түбірі болады.  $\Delta(\vec{u})$  үлестірімнің интегралдық қисығының геодезиялық болатынынан шығады. Осы үлестірімнің интегралдық иілімінің бойымен  $x$  нүктесі жылжығандағы жанасушы жазықтығының теңдеуін аламыз.  $(\Pi_2(\vec{u}) \supset \Delta(X))$  қисығы геодезиялық болуы үшін  $du^i + u^j \omega_j^i = 0$  теңдігінің орындалуы қажет.

$\Delta(\vec{u})$ ,  $\vec{e}_1 \in \Delta(\vec{u})$  үлестірімнің геодезиялық сызығы жазық қисық болуы үшін  $\gamma^{ik} \Lambda_{Ki}^n = 0$  ( $i \neq 1$ ) теңдігінің орындалуы қажетті және жеткілікті.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Базылев В.Т. О многомерных сетях в евклидовом пространстве. Лит. матем. сб., У1,4,1966,475-491.
2. Эйзенхарт Л.П. Риманова геометрия. Изд-во иностр. лит., М.-Л., 1948.

## $L_p$ КЕҢІСТІГІНДЕ ГИЛЬБЕРТ ТҮРЛЕНДІРУІНІҢ СПЕКТРІН СИПАТТАУ.

Озбекбай Б.О.

Ғылыми жетекшісі: доцент м.а. Туленов К.С.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
ozbekbay.b00@gmail.com

$f \in L_p$  берілсін. Мұндағы  $p \in (1, \infty)$ . Онда  $f$  функциясының  $H(f)$  Гильберт түрлендіруі келесі түрде анықталады

$$H(f)(x) = p.v. \frac{1}{\pi} \int_E \frac{f(t)}{x-t} dt$$

Мұндағы  $p.v.$  интегралдың Коши мағынасындағы бас мәні [1].

**Теорема. Н** Операторының спектрі  $R_p$  жатады.

- 1 Егер  $E = (-\infty, +\infty)$  болса, оператордың спектрі  $\pm 1$  нүктелері болады.
- 2 Егер  $E = (a, +\infty)$  болса, онда спектрі  $U_q$  болады. Ал егер  $E = (-\infty, a)$  болса онда спектрі  $U_p$  болады.
- 3 Қалған жағдайда спектрі  $U_q \cup U_p$  болады.

Берілген  $p > 1$  үшін соңғы нүктелері  $\pm 1$  болатын және  $i \sqrt{t} \frac{\pi}{p}$  арқылы өтетін шеңбер доғасын  $U_p$  деп белгілеңіз.  $R_p - U_p$  бойынша шектелген тұйық облыс.  $U_p = -U_q$   $R_p = R_q$  [2].

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Е, М. Дмнькин. Методы теории сингулярных интегралов. (Преобразование Гильберта и теория Кальдерона—Зигмунда.) «Современные проблемы математики. Фундаментальные направления, Т. 15 (Итоги науки и техн. ШШИТН АН СССР)». М., 1977, 197—292
2. Н. Widom, Singular Integral Equations in  $L_p$ , Trans. Amer. Math. Soc. 97 (1960), 131—160.

## ОБ УНИВЕРСАЛЬНЫХ НУМЕРАЦИЯХ ДЛЯ СЕМЕЙСТВ МНОЖЕСТВ

Нұрланбек Д.Д.

Научный руководитель: Калмурзаев Б.С., и.о. доцента, PhD.

Казахский Национальный Университет им. аль-Фараби

nurlanbek.dias21@gmail.com

В докладе будут обсуждаться вопросы о существовании универсальных нумераций семейства вычислимо перечислимых (в.п.), рекурсивных и разности в.п. множеств. Хорошо известно, что существует универсальная вычислимая нумерация для семейств всех в.п. множеств [1], и существует универсальная  $\Sigma_2^{-1}$ -вычислимая нумерация для семейства всех разностей в.п. множеств.

Было показано, что, если из семейства всех в.п. множеств убрать произвольное конечное множество, тогда свойство существования универсальной нумерации сохраняется. В случае изъятия бесконечного множества из семейства свойство существования универсальной вычислимой нумерации теряется. Из этого получаем критерий конечности в.п. множеств в терминах полурешетки Роджерса.

А в случае второго уровня иерархии Ершова такое свойство не сохранилось: для любого 2-в.п. множества  $A$  семейство  $\Sigma_2^{-1} \setminus A$ , как и семейство  $\Sigma_1^{-1}$ , не имеет универсальной  $\Sigma_2^{-1}$  вычислимой нумерации. Приведено доказательство того, что если убрать из семейства 2-в.п. множеств пустое множество универсальная нумерация для этого семейства отсутствует.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. H. Rogers, Theory of Recursive Functions and Effective Computability, McGraw-Hill, New York (1967).

**МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛДЕУ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ  
МАТЕМАТИКАСЫ**

**МАТЕМАТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ И  
ВЫЧИСЛИТЕЛЬНАЯ МАТЕМАТИКА**

**MATHEMATICAL MODELING AND  
COMPUTATIONAL MATHEMATICS**



## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ COVID-19 ОРТА МЕРЗІМДІ БОЛЖАМДАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

Алматықызы Ж.

Ғылыми жетекші: ф.м.-ғ.д., профессор Бектемесов М.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті  
almatykyzy@mail.ru

2019 жылдың соңында Қытай Халық Республикасында Вухан қаласында эпицентрі бар жаңа коронавирустық инфекция пайда болды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2020 жылғы 11 Ақпанда осы инфекцияға ресми атау берді-COVID - 19 ("Coronavirus disease 2019"), ал вирус таксономиясы жөніндегі Халықаралық комитет 2020 жылғы 11 Ақпанда қоздырғышқа SARS - CoV - 2 атауын берді. Зерттеу өзекті болып табылады, өйткені ауру тез арада планетада оның қоздырғышын Ресей аумағына белсенді енгізумен таралды[1-4].

Әлемде болып жатқан процестерді талдау үшін заманауи математикалық әдістерді дамыту және қолдану, модельдік жағдайларды зерттеу, бір жағынан, қате тұжырымдарға әкелуі мүмкін, ал екінші жағынан, ол қазіргі жағдайды бағалау құралы бола алмайды. Эпидемиялық процестерді бақылау мен басқарудың ең тиімді әдістерінің бірі-математикалық модельдеу, атап айтқанда математикалық модельдерді құру және сәйкестендіру. Мұндай модельдер дифференциалдық теңдеулер жүйелерімен сипатталады, олардың коэффициенттері елдегі аурудың таралуы мен эпидемиялық процестердің ерекшеліктерін сипаттайды. Эпидемиологиялық процестерді бақылау жөніндегі іс-шаралардың оңтайлы жоспарын жасау үшін кейбір қосымша ақпарат бойынша модельдердің коэффициенттерін нақтылау қажет (кері есеп). Коэффициенттерді нақтылау мәселесін шешудің бір әдісі – кері есепті Вариациялық тұжырымға дейін азайту, мұнда функционалдылық модельдік деректердің статистикалық мәліметтерден квадраттық ауытқуын сипаттайды[3-6].

Бұл жұмыс Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің AP09260317 грантының қолдауымен орындалды.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Krivorot'ko O.I., Kabanihin S.I., Zyat'kov N.YU., Prihod'ko A.YU., Prohoshin N.M., SHishlenin M.A. Matematicheskoe modelirovanie i prognozirovanie COVID-19 v Moskve i Novosibirskoj oblasti. 2020.
2. <https://arxiv.org/pdf/2006.12619.pdf> Li Y, Wang B, Peng R, Zhou C, Zhan Y, Liu Z, et al. Mathematical Modeling and Epidemic Prediction of COVID-19 and Its Significance to Epidemic Prevention and Control Measures. Ann Infect Dis Epidemiol. 2020; 5(1): 1052.
3. R. Sameni. Mathematical Modeling of Epidemic Diseases; A Case Study of the COVID-19 Coronavirus. arXiv:2003.11371. 2020.
4. K.V. Price, R.M. Stornand, J.A.Lampinen. Diferential Evolution // Nat. Comput. Ser., Springer, Berlin. – 2005.
5. R.Storn. Diferential evolution research – Trends and open questions, in: Advances in Diferential Evolution // Stud. Comput. Intell. 143. Springer, Berlin. – 2008. – P. 1–31.
6. R. Storn, K. Price. Diferential evolution – A simple and efcient adaptive scheme for global optimization over continuous spaces // Report no. TR – 95 – 012, International Computer Science Institute, Berkeley. – 1995.

# ӘР ТҮРЛІ ФАКТОРЛАРДЫҢ ЗАҚЫМНЫҢ МӨЛШЕРІ, ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ БОЛУЫ ЖӘНЕ Т.Б. ҚАН ҰЮЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫНА ӘСЕРІН САНДЫҚ ЗЕРТТЕУ

Аманханқызы А.

Ғылыми жетекші: Профессор Бекетаева А.О.  
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
ayaamankhankyzy@gmail.com

Тромбині бар қан тамырларындағы қан ағымының динамикасы гемодинамиканың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Қандағы стеноздың пайда болуын болжау үшін эксперименттердің әртүрлі әдістері қолданылады. Дегенмен, сандық әдістер тромб түзілу аймағында гемодинамикалық параметрлерді есептеу үшін ең қызықты болып табылады. Математикалық модельдерді құру биологиялық жүйенің өте күрделілігімен байланысты гемодинамиканың нақты мәселелерін зерттеудің негізгі құралы болып табылады. Өйткені олардың жұмыс істеуі көптеген факторларға сызықты емес тәуелді, ал шешудің аналитикалық әдістерінің қолдану аясы өте тар. Қан ағымының негізгі гемодинамикалық параметрлерін есептеу және стеноздың дамуын болжау сандық әдістердің арқасында мүмкін болады. Классикалық Пуазей жұмысы [1] мамандар арасында ең кең тараған, бүгінгі күнге дейін маңызын жоймаған зерттеу [2,3]. Қанның коагуляция жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі қанның сұйық сұйықтық күйінде сақталуын қамтамасыз етеді. Организмнің жергілікті бұзылыстарға жауап ретінде жылдам жергілікті реакциясын қамтамасыз ету қабілеті қанның ұю жүйесінің ерекшелігі болып табылады. Нағыз қан тамырларында қан ұюы жаракат орнында бөлінетін факторлармен белсендіріледі. Бұл факторлар тромбиннің пайда болуына әкелетін биохимиялық реакциялар каскадын тудырады [4,5]. Модель коагуляция активаторы мен ингибитор арасындағы химиялық әрекеттесуді сипаттайды, сондай-ақ тромбта болатын химиялық зат болып табылатын фибрин өндірісін имитациялайды.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. J. Poiseuille, “Recherches experimenteles sur le mouveement des liquids dans les tubes de tres petits diametres” *Compets Rendus*, Vol. 11, (1840), pp. 961-1041.
2. R. Schmidt, G. Thews, *Human Physiology*, 1989.
3. A.C. Huyton, J.E. Hall, *Textbook of medical physiology*, Ninth edition, W.B. Saunders Company, 1996.
4. Yu.A. Barynin, I.A. Starkov, M.A. Khanin, “Mathematical models in hemostasis physiology”, *Izv Akad Nauk Ser Biol*, Issue 1, (1999), pp. 59–66 (in Russian).
5. E.I. Sinauridze, R.I. Volkova, Y.V. Krasotkina, V.I. Sarbash, F.I. Ataullakhanov, “Dynamics of clot growth induced by thrombin diffusion into nonstirred citrate human plasma”, *Biochim Biophys Acta* 1998, 1425:, pp. 607–616

## БІРІНШІ ТҮРДЕГІ ФРЕДГОЛЬМ ИНТЕГРАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕРІН САНДЫҚ ШЕШУГЕ АРНАЛҒАН ЛАВРЕНТЬЕВТИҢ РЕГУЛЯРИЗАЦИЯ ӘДІСІ

Арыстанбек Н.Д.

Ғылыми жетекші: ф.м.-ғ.д., профессор Темирбеков Н.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

nazerke\_99\_2daryn@inbox.ru

Жалпы интегралдық теңдеулердің көмегімен көптеген күрделі жүйелер, есептер шығарылады. Мысалы:

- ХХІ ғасырға дейін жеткен турбуленттілік мәселесі(Навье-Стокс теңдеуі)
- геохимия есептері
- геодезия есептері
- геология есептері

Қазіргі таңда әлем бойынша геология саласы қарқынды түрде даму үстінде. Осы маңыздылығына сай, еліміздегі пайдалы қазбаларды өндіру, олардың орналасу және өндірілу аймағын дұрыс әрі нақты анықтау - үлкен ресурстарды қажет етеді. Сол ресурстардың шығынын болдырмау мақсатында оларға арнайы қисынсыз интегралдық теңдеулер құрып, тиімді математикалық модельдерін жасай аламыз [1-2].

Бірінші текті Фредгольм интегралдық теңдеулерін шешуге көптеген әдістер қарастырылған: проекция әдісі, регуляризация әдісі, вейвлеттер әдісі. Дегенмен бұл әдістердің барлығы қарастырылып отырған қисынсыз есептің сызықты түріне арналған әдістер болып келеді. Бұл жұмыстағы ерекшелік Фредгольм интегралдық теңдеуінің сызықты емес жағдайын қарастыру болып табылады. Яғни ізделінді айнымалымыз жеке дара емес, функция ішінде қарастырылатын болады. Мұндай теңдеу Гаммерштейн теңдеуі деп аталады.

Гаммерштейн теңдеуін шешу үшін дәстүрлі әдісті емес, вариациялық жолда шешуді қарастырамыз. Бұл тәсіл таңдап алынған қолайлы функционалды кеңістігінде сызықты емес теңдеуіміздің оң жағында салынған кез-келген функционалын азайту үшін бастапқы есепті эквивалентті есепке ауыстыруды қарастырады [3].

Сызықты емес теңдеуді шешуде ең алдымен алмастырулар жүргізіліп, олар Галеркин – Бубнов әдісімен шешіледі. Яғни, есепті шешуге қажетті базистеріміз әртүрлі етіп таңдалынады. Нәтижесінде шыққан теңдеудің сандық шешімін алу үшін Ньютон әдісіне сәйкес, Якоби матрицасы тұрғызылып есептің шешімін аламыз [4].

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Е. М. Богатов, Р. Р. Мухин «О развитии нелинейных интегральных уравнений на раннем этапе и вкладе отечественных математиков»
2. Верлань А.Ф., Сизиков В.С. «Интегральные уравнения: методы, алгоритмы, программа»[[https://drive.google.com/file/d/18uID3giwvmfCzPogahuVBS\\_iawMAyk34/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/18uID3giwvmfCzPogahuVBS_iawMAyk34/view?usp=sharing) ]
3. Марчук Г.И. Сопряженные уравнения и анализ сложных систем.,(М.: Наука, 1992. - 335 с.)[[https://drive.google.com/file/d/1BLrKAqCTH14J\\_hSgQ1Gu9A8S-vKE6dLc/view?usp=sharing](https://drive.google.com/file/d/1BLrKAqCTH14J_hSgQ1Gu9A8S-vKE6dLc/view?usp=sharing)]
4. K. Maleknejad a,\*, M. Karami b, «Numerical solution of non-linear Fredholm integral equations by using multiwavelets in the Petrov–Galerkin method»[<https://drive.google.com/file/d/1ITJXQnCDPA9uvzu48mO3iS1nZ5MwPWqB/view?usp=sharing>]

## АНЫҚТАЛҒАН ИНТЕГРАЛДЫ ТАБУДЫ ОҚЫТУДА MATHEMATICA БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ПАКЕТІН ҚОЛДАНУ

Діністанова Ғ.Қ.

Научный руководитель: Жунусова Ж.Х., ф.-м.ғ.к., профессор.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Gafura91@gmail.com

Қазіргі таңда дүние жүзіндегі барлық үздік 200 университетте қолданылатын Wolfram құралдары енді орта мектепті де қамтиды.

Wolfram компаниясы өз сайтында: «Студенттеріңізге есептерді автоматты түрде жасау арқылы өзін-өзі сынауға мүмкіндік беріңіз және оқытушының сапалы қадамдық шешімдерін алыңыз. Студенттерді заманауи есептеулердің күшімен таныстыру және студенттік жобалар мен жетістіктердің жаңа буынын қамтамасыз ету үшін серпінді Wolfram тілін пайдаланыңыз. Мәтінді, графиканы, кодты және т.б. араласатын сабақ жоспарларын жасаңыз» - деп жарияланғандай [1]. Әлемдік білім беру тәжірибесінде ерекше орын алған Wolfram құралдары, соның ішінде Mathematica пакеті енді орта мектепті де қамтиды.

Mathematica пакеті бейне бір компьютерде орналасқан алгебра тәрізді – математиканың кез-келген саласында кездесетін тапсырмаларды шешуге қолайлы [2].

Кез келген пәнді оқытуда қолданбалы бағдарламаларды пайдаланудың қарқынды орын алатынын білеміз. "MATHEMATICA" бағдарламалық пакеті - оқушыларға математика пәнінің кез келген саласында есептерді белгілі алгоритммен шығарып, шығарылу жолы, сызбасы т.б керек бар тізбекті шығарып береді. Демек, программаның көмегімен аз уақыттың ішінде барлық есептің құрылымын талдап, іздеген сұраққа жауап алуға болады. Технологияның дамыған кезінде, оқушылар кітапқа қарағанда электронды құрылғымен білім алуға қызығушылық танытады және компьютерлік құрылғылардың орындап беретін алгоритміне қалтқысыз сеніп, сол алгоритмді жаттап алу арқылы сол пәндік аймақты жақсы меңгеруі мүмкін. Ал, өте жақсы оқитын балалар болса, тереңдеткен деңгейде қалаған есептерін шығарып, талдаудың мәнін көріп, нәтижені салыстырып, қателіктерді түзеп, тереңдетілген білімге қол жеткізе алады. Және мұғалімнен кері байланыс кутпей, аз уақыттың ішінде қалаған нәтижесінде қол жеткізе алады. Бұл тақырыпта қолданбалы пакеттердің зияны, оқушының дұрыс пайдаланбауы мүмкін дегендей жауаптарды шегеріп қойып, тек қана нәтижеге жеткізетін, мүмкіндіктерді ашатын, оқушы жақсы пайдаланса, пайдасы тисе деген саланы қамтысақ. Себебі, қолданбалы бағдарламалардың басты шығу мақсаты: жақсы нәтижеге *аз уақыттың* ішінде жету емес пе?

Mathematica пакетінің ерекшелігі – платформаға тәуелсіздігі. Сонымен қатар анықталған интегралды табуды оқытуда Mathematica бағдарламалық пакетінің берер пайдасы өте көп. Пакеттің көмегімен тек қана анықталған интегралды тауып қана қоймай, барлық есептің практикалық мәнін ұғынуға болады.

Қолданбалы бағдарламаларды пайдалануды оқушы білімінде пайдалы жасау үшін, әр сабақта Mathematica бағдарламалық пакетін қолдану мақсатын айқындап отыру керек. Болашақ ғалымдарды дайындауда Mathematica бағдарламалық пакетін қолдану арқылы оқушының білім алу процесінде жақсы нәтижеге қол жеткізе аламыз деген ойдамын.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <https://www.wolfram.com/education/high-schools/>
2. Вавилов Н.А., Халин В.Г., Юрков А.В. Mathematica для нематематика: учебное пособие для вузов // Электронное издание М.: МЦНМО, 2021 483 с

## ҚАЙНАҒАН СҰЙЫҚТЫҚ АҒЫСЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫН САНДЫҚ МОДЕЛДЕУ

Жилысбек М.Н.

